

Сарыағаш аудандық мәслихат сессиясының 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 23-5-149 " Бір жолғы талонның төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихат сессиясының 2010 жылғы 30 маусымдағы N 38-262-IV Шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 шілдеде N 14-11-130 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 13-101-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 21.12.2012 № 13-101-V шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіні (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабының 6 тармағына сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Бір жолғы талонның төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" Сарыағаш аудандық мәслихатының 2009 жылғы 29 сәуірдегі № 23-5-149 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-11-103 тіркелген, 2009 жылғы 12 маусымдағы "Сарыағаш" газетінің № 74-76 санында жарияланған) шешіміне мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақ "Сарыағаш ауданының базарларында тауар сатушы жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар үшін" деген сөздерден кейін "базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы **Ә.Қаржанбаев**
Аудандық мәслихат хатшысы **Б.Каипов**